Соның бірі Орталық Азия және Өзбекстан туралы жиі жазатын өзбек зерттеушілерінің бірі – Фарход Толипов. Ол Президент Мирзиеевтің халық арасындағы беделінің әлі де жоғары екендігін айтады. Мысал ретінде Толипов Өзбекстанда 2023 жылы шілдеде өткен кезектен тыс президенттік сайлауда Мирзиеевтің жеңіске жетуін, тіпті Қарақалпақстанда орын алған наразылықтардың президент беделіне нұқсан келтірмегенін айтады.

2023 жылы мамыр айында Өзбекстан Конституциясына өзгеріс енгізіліп, президенттікке сайлау мерзімі 5 жылдан 7 жылға ұзартылған болатын. Алайда президент екі реттен артық сайлануға құқысыз. Толипов осы мәселеге қатысты, Мирзиеевтің 2023 жылы 5 жылдық мерзімді аяқтамай, президенттікке сайлануы, алда оның тағы да сайлауға қатысу мүмкіндігін жоққа шығармайтынын айтады. Конституциядағы өзгерістерді заңгерлер екі 5 жылдық мерзімді нөлдеп, тағы 2 рет 7 жылға сайлану мүмкіндігін түсіндірулері мүмкін. Осылайша, 1,5 мерзімге отырған президент 2 толық мерзімге тағайындалмағанын негізге алып, тағы да сайлауға түсуі мүмкін.

Мирзиеевтың билік басына келген тұсынан бастап елдегі экономикалық реформалар айтарлықтай сәтті болғанын жоққа шығара алмаймыз. Бірқатар ірі кәсіпорындар іске қосылды; Өзбекстан бірқатар көрсеткіштер бойынша өзінің халықаралық рейтингтерін жақсартты. Ташкентте да құрылыс қарқынды жүріп жатыр, сондай-ақ, елдің ашықтығы мен елдегі туристік климаттың жақсаруының арқасында туристік бум туындады.

Толипов Өзбекстанның сыртқы саясатындағы маңызды мәселелер ретінде мыналарды атап өтеді: 2021 жылдың тамыз айында Орталық Азия елдері президенттерінің 3-ші консультативтік кездесуі Өзбекстанның аймақтық ынтымақтастықты нығайту жөніндегі бастамасын жүзеге асырудың тағы бір кезеңі болды [2].

Материалдар мен әдістерді сипаттау

Зерттеудің әдіснамалық құралдары құрылымдық талдауға негізделген. Бұл Қазақстан-өзбек қатынастарын жүйе ретінде қарастыруды, оның элементтерін, олардың арасындағы байланыстарды және ең алдымен құрылымның негізгі қасиеттерін анықтауды көздейді. Осыған байланысты зерттеу барысында екіжақты экономикалық қатынастардың маңызды элементтері, қарым-қатынастардың маңызды және құрылымдық мәселелері, Ш. Мирзиеев пен И. Каримовтың президенттік кезіндегі сыртқы саяси ұстанымдары салыстырмалы талдау арқылы анықталды. Зерттеу сонымен қатар халықаралық қатынастар мен сыртқы саяси мәселелерді талдауда қолданылатын сапалық және сандық әдістерді қолданды. Атап айтқанда, Орталық Азия, Өзбекстан мен Қазақстан арасындағы қатынастар, әлемдік саясат пен экономиканың өзгермелі жағдайларындағы екіжақты экономикалық қатынастар мәселелері бойынша отандық және шетелдік ашық ақпараттық, ғылыми және саяси дереккөздерге контент-талдау жүргізілді.

Нәтижелер

2021 жылдың соңғы айында президент Мирзиеев Қазақстанға, Оңтүстік Кореяға мемлекеттік сапармен барды. Екі мемлекетпен де ынтымақтастық пен стратегиялық әріптестік одақтастық қатынастар деңгейіне көтерілді.

Сонымен қатар, Толипов 2021 жылы 15-16 шілдеде Ташкентте өткен «Орталық және Оңтүстік Азия: аймақтық өзара байланыс. Қиындықтар мен мүмкіндіктер» атты жоғары деңгейлі халықаралық конференцияны атап өтеді. Бұл конференция көліктік-логистикалық, энергетикалық, сауда, өндірістік, инвестициялық, технологиялық және мәдени-гуманитарлық салалардағы «Орталық Азия-Оңтүстік Азия» өзара тиімді стратегиялық байланыс моделін көпжақты талқылау үшін саяси және сараптамалық алаң құруға мүмкіндік берді. Орталық Азия елдері президенттерінің 4-ші консультативтік кездесуі Қырғызстанның Чолпан-Ата қаласында 2022 жылы өтті. Бұл оқиғаны тарихи маңызды оқиғаға жатқызуымызға болады. Кездесу барысында бірнеше маңызды құжаттарға қол қойылды. Атап өтсек, ХХІ ғасырда

Орталық Азияны дамыту мақсатында достық, тату көршілік және ынтымақтастық туралы шарт, Көпжақты форматтар шеңберінде Орталық Азия мемлекеттерінің өзара іс-қимыл тұжырымдамасы, «Жасыл күн тәртібі» Орталық Азия аймақтық бағдарламасы және Аймақтық ынтымақтастықты дамытудың жол картасы (2022-2024 жж.).

Талқылау

Фарход Толипов Қазақстан мен Өзбекстанның сыртқы саясатындағы көпвекторлы саясатты теориялық жағынан да ашып көрсетіп, оң және теріс тұстарын бағалады. Екі жақты қарым-қатынастарды зерттеуде Толипов ең алдымен концептуализация проблемасы бар екендігін айтады. Яғни, халықаралық қатынастар теориясында қандай да бір мемлекеттің сыртқы саяси іс-әрекетінің ерекшелігі көбінесе сыртқы саяси талдау мектебінің әдістерін (Foreign policy analysis) қолданумен қарастырылады. Мемлекеттің сыртқы саясаты ұлттық мүдделерге сүйене отырып, халықаралық өзгерістерге немесе статус-квоны сақтауға бағытталады. Сыртқы саясат мемлекеттер арасындағы қатынастарды сипаттайтын ынтымақтастық, қақтығыс және бейтараптықтан құралатын үш шындық аясында жүзеге асырылады және сипатталады. Әрине, сыртқы саясатты жүзеге асырудың ортақ ұғымы – ұлттық мүдде болып табылады. Ал, Орталық Азия мемлекеттерінің сыртқы саясаттарын тұжырымдау, декларациялау және сипаттау ХҚ теориясы үшін үшін қажетті материал ұсынады. Алайда соңғы жылдары осы мәселені зерттеуге байланысты журналистер, саясаттанушылар және аналитиктердің лексиконында жиі қолданылатын термин «көпвекторлық» болып табылады.

Шын мәнінде, көпвекторлы принцип объективті әр түрлі векторлықты немесе арнайы көпвекторлы векторлардың болуын жасырады. Мысал ретінде қырғыз зерттеушісі Мурат Суюнбаевтың [3] аймақтардың көпвекторлы саясатын талқылай келе, түрлі салалар бойынша (экономика, саясат, қауіпсіздік) түрлі маңызды серіктестер болатынын айтады. Жалпы алғанда барлық салалар бойынша, тіпті бір саланың өзінде де ешбір Орта Азиялық ел үшін басымдыққа ие сыртқы серіктесті нақты айтуға болмайды. Іс жүзінде көпвекторлықты ұстанатын аймақ елдері халықаралық қатынастардың тез өзгеру сипатына байланысты өз саясатын жасыру мақсатында көпвекторлық саясатын қолданады. Ол бұл елдердің сыртқы саясаты «үш күштің байланысы» заңымен реттелетінін белгілейді: дос, жау және таныс (бейтарап). Бірақ аймақ геосаяси ауыртпалыққа ұшырағандықтан, аймақ елдері тарапынан ерекше көпвекторлы саясат жоқ.

Сарапшылар арасында Өзбекстан туралы алғашқыда оның батыстық сыртқы саясаты туралы түсінік кең таралды. Тұңғыш президент И. Каримовтың басшылығы кезінде Өзбекстан Ресейден алшақтап, АҚШ, ЕО, НАТО, Жапония және Оңтүстік Кореяға жақындасады деп күтілді. Белгілі бір дәрежеде бұл дұрыс болжау болды, дегенмен Өзбекстан, басқа жас тәуелсіз мемлекеттер сияқты, әрқашан геосаяси маневр жасау арқылы күрделі халықаралық турбуленттілікке бейімделуге тырысты. Айта кету керек, ұлы державалар көпвекторлықты біз түсінуге дағдыланған мағынада мәлімдемейді; сонымен қатар, олар бұл саясатты нақты (қиял емес) халықаралық жүйеде жүргізбейді. Демек, көп векторлы ұғым, біз түсінгендей, ұлы державаның алдында шағын мемлекет комплексін жасырады.

Осыған байланысты, Фарход Толипов тағы бір проблема туындайтыны көрсетеді, атап айтқанда: әлемдік жүйеде мемлекеттердің рейтингі. Бұл мәселені ол 4F states: Failed, Floating, Firming, Flourishing states тұжырымдамасы тұрғысынан қарастырады. Аудармада бұл сәтсіз, тоқтап тұрған, нығайтылған және гүлденген мемлекетті білдіреді [5].

Тәжік зерттеушісі Павриз Муллоджанов Қазақстан мен Өзбекстан қатынастарының Орталық Азиялық ынтымақтастықтың дамуына әсері туралы былай баяндайды: «Ең бастысы, өңірлік интеграцияны алдынала оң құбылыс деп санауға болмайды. Барлығы интеграция қалай және қандай ережелер бойынша жүзеге асырылатынына байланысты болады. Егер қандай да бір мемлекет өз мүдделерін нұқсан келтіреді деп есептесе, онда интеграция орнықты болмайды. ОА аймағында Өзбекстан мен Қазақстан өздерін интеграцияның көшбасшысы ретінде көрсетеді және шын мәнінде көптеген ұсыныстар мен бастамалар олардан туындайды. Алайда, егер олардың көшбасшылыққа деген талаптары басқа қатысушы елдердің мүдделеріне нұқсан келтіретін болса, онда кез келген интеграциялық бастамалар қағаз жүзінде ғана қалады» [5].

Сонымен қатар, Муллоджанов аймақтың барлық елдерінің алдында тұрған бірнеше негізгі проблемалардың бар екендігін айтады. Біріншіден, саяси және экономикалық жүйелерді реформалауға байланысты мәселелер ерекше назар аударуға тұрарлық. Барлық елдер, өңірлер экономиканың тиімділігі мен халықтың өмір сүру деңгейін арттыру, білімге, ресурстарға және экономикалық мүмкіндіктерге барынша тең қол жеткізуді қамтамасыз ету мақсатында ауқымды реформалар жүргізуді қажет етеді. Сонымен бірге, аймақтың белгілі бір елдерінде реформалардың «дәрежесі» айтарлықтай ерекшеленеді. Кейбір мемлекеттер нарықтық экономика құру бойынша алға

жылжыды, ал басқаларында экономикалық жүйе кеңестік элементтердің болуымен ерекшеленеді. Екіншіден, интеграция жолындағы негізгі кедергілердің бірі Орталық Азия елдерінің экономикалық даму деңгейінде айтарлықтай ерекшеленетіні болып табылады. Осыған орай, бұл жағдай бірқатар қосымша қиындықтар туғызады. Атап айтқанда, қаржы қаражаты мен еңбек ресурстарының еркін қозғалысы туралы мәселе, егер барлық қатысушы елдер өздерінің экономикалық көрсеткіштері бойынша шамамен бірдей даму деңгейінде болған жағдайда ғана табысты шешілуі мүмкін. Үшіншіден, жалпы интеграциялық модельдердің ішінде «теңдік мәселесі» де бар. Қандай да бір интеграциялық модель ауқатты және орнықты болуы үшін негізгі шешімдер қабылдау кезінде барлық елдердің дауысы тең болуы қажет. Ресми түрде болса да, іс жүзінде мұндай теңдікті жүзеге асыру әлдеқайда қиын болады. Неғұрлым бай мемлекеттер ортақ шешімдер қабылдау кезінде басым болады, бұл қазір Еуроодақ мемлекеттеріндегідей интеграциялық модельді іштен бұзатын болады.

Өзбек зерттеушісі Умарбек Нуриддиновтың пікірінше 2017-2021 жылдары Өзбекстан дамуының бес басым бағыты бойынша іс-қимыл стратегиясында атап өтілгендей, Ш. Мирзиеевтің сыртқы саясатының басты бағыты Орталық Азия аймағы болды. Өзбекстанның сыртқы саясатының жаңа шындықтары – елдің дамуы аймақтың дамуына байланысты болды. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелерін шешумен қатар, Өзбекстан экономикалық саладан бастап мәдени салаға дейінгі түрлі жобаларды ілгерілетуде. Өзбекстанның Қазақстанмен тандемі өңірлік ынтымақтастықты нығайтуды ынталандыра алады [6].

Ш. Мирзиеевтің билікке келуімен Ташкентте жоғары және жоғары деңгейдегі сапарлар мен кездесулер саны күрт өсті. Елдер арасындағы байланыстардың өсуі мемлекетаралық ынтымақтастықтың жаңа бағыттарын береді. Оң өзгерістердің мысалы ретінде Ш. Мирзиеевтің 2021 жылғы 6 желтоқсанда Қазақстанның елордасы – Нұр-Сұлтанға жасаған сапары болып табылады. Бұл Ш. Мирзиеевтің инаугурациясынан кейінгі алғашқы мемлекеттік сапары болды, оның барысында кездесулер өтті және аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері қозғалды, бұл Қазақстанмен қарым-қатынас республиканың сыртқы саясатындағы басым бағыт болып қалатынын куәландырады.

Сонымен қатар, У. Нуриддинов көрші екі ел арасындағы қарым-қатынастың жаңа сапалы деңгейге шығуына басты назар аударды. Екі ел арасында одақтастық қатынастар туралы қол қою қарым-қатынастардың сапалы жаңа түрін құруда екі елге күш бере алатын тарихи оқиға болатын айтты. Өзбекстан Республикасы мен Қазақстан Республикасы одақтастық қатынастарды жан-жақты ынтымақтастық,

мүдделердің теңдігі мен өзара есепке алынуы, мемлекеттердің тәуелсіздігін, егемендігін, аумақтық тұтастығын және шекараларының мызғымастығын құрметтеу негізінде құрды. Белгілі өзбек журналисті Абдували Саибназаров “Анадолу” тілшісіне берген сұхбатында бұл Декларацияны «тарихи келісім» деп атауға болатындығын айтып өтті. Оның айтуынша, аймақ елдері арасында алғаш рет жоғары деңгейдегі ынтымақтастық кеңесі құрылып, одақтастықтың стратегиялық бағыттары айқындалды. «Бұл тарихи декларация екі ел арасында одақтастық қарым-қатынас орнатуды қарастырады. Мұндай құжатқа Орталық Азия елдері арасында алғаш рет қол қойылып отыр», - деп [7] атап өтті Саибназаров.

Отандық журналистер мен сарапшылары екі ел арасындағы Одақтастық қатынастар туралы Декларацияны сыртқы қатерлерге қарсы бірлескен күреске және әлеуеті жоғары өңір Орталық Азиядағы экономикалық қатынастарды интеграциялауға бағытталған тарихи қадам деп атады. Журналист Амангелді Құрметұлы Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы стратегиялық қатынастардың одақтастық деңгейіне көтерілуін интеграцияның жаңа тарихи процесінің басталуын білдіреді деп [6] санайды. Ол соңғы кездері Астана мен Ташкент арасында жоғары деңгейдегі өзара ресми сапарлар күшейгеніне назар аударды. Оның айтуынша, Орталық Азияның тұрақтылығы Қазақстан мен Өзбекстанның тұрақтылығымен тікелей байланысты.

Алайда, Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы Одақтастық қатынастар туралы декларация екіжақты қатынастардың дамуына оң ықпал еткенімен, соғыс немесе ішкі тұрақсыздық жағдайында екі елдің бір-біріне әскери көмек беруіне кепіл бола алмайды. Себебі декларацияда әскери әріптестік туралы тармақтар жоқ. Ал, Қазақстан мен Өзекстанның әскери ынтымақтастығы екі ел арасындағы әскери-техникалық саладағы ынтымақтастық туралы үкіметаралық келісім негізінде жүзеге асырылады. Келісім екі елдің заңнамасына сәйкес тең құқылық қағидаты негізінде өзара тиімді әскери-техникалық ынтымақтастықты орнатуға және оны одан әрі дамытуға бағытталған. Екі елдің қорғаныс министрліктері арасындағы әскери ынтымақтастық жоспары әскерлердің бірлескен жедел және жауынгерлік дайындығын көздейді. Сондай-ақ, Тараптар әскери білім беруде ынтымақтастыққа мүдделі.

Қырғыз саясаттанушысы Медет Тюлегеновтың пікірінше Орталық Азиядағы өңірлік ынтымақтастық өте әлсіз дәрежеде, іс жүзінде ол атаулы сипатқа ие. Оған мысал, Қазақстандағы жағдайға ешқандай «аймақтық» реакция болған жоқ. COVID-19 жағдайында да ешқандай реакция болмаған. Тиісінше біз жоқ затты өзгерте алмаймыз.

Осыған орай біз екіжақты деңгейде және нақты жобалар деңгейінде жұмыс істеуді жалғастырудамыз [7].

Отандық саясаттанушы Расул Ариннің пікірінше «Қазақстан мен Өзбекстан арасында Одақтастық қатынастар туралы Декларацияның жасалуы – екі ел арасындағы және өңірлік деңгейдегі маңызды оқиға болды. Қазақстан мен Өзбекстан бүкіл Орталық Азия үшін Еуропадағы Франция мен Германия сияқты осыік елдер болып табылады, деп түсіндіреді Расул Арин [8].

Қазақстан мен Өзбекстанның жақындасуы Орталық Азия интеграциясының нығаюын білдірмейді, бірақ бұл екі елсіз ешқандай интеграция мүмкін емес. Бұл түркі елдерінің ұйымына да қатысты (түркі елдерінің бұрынғы Кеңесі). Бұл ұйымның ішінде Орталық Азия елдері маңызды орын алады, сондықтан Астана мен Ташкент арасындағы қарым-қатынастардың дамуы жалпы түркі елдері үшін шешуші болады [8].

Өзбекстанның өсіп келе жатқан аймақтық ықпалы бес жылдағы Ташкенттегі маңызды саяси өзгерістердің нәтижесі болып табылады. Мирзиеев елде сауданы ынталандыру бойынша қадамдар жасады, соның ішінде валюталық бақылауды тоқтатты және экономиканы ашты. Осы уақытта ол даулы шекараларды шешуге, сауданы дамытуға және трансұлттық мәселелерді шешуге ұмтылып, көрші мемлекеттермен интеграцияға жол ашты. Атап айтқанда, Өзбекстан көршілерімен Орталық Азияның су ресурстарын басқару үшін тұрақты негіз құру үшін жұмыс істеді.

Қазақ-өзбек тандемі аймақтық координация үшін тиімді ынта болатыны анық, мұнда да Өзбекстан таяуда жетекші рөл атқарды. Мирзиеев 2018 жылғы наурызда Қазақстанда өткен қиын-қыстау өңір мемлекеттері басшыларының алғашқы кездесуіне бастамашылық етті. Екі ел Орталық Азияның автомобиль өнеркәсібін дамытуды белсенді үйлестіруде және Қырғызстандағы тұрақсыздыққа үлкен қызығушылық танытуда.

Сонымен қатар, пандемия кезеңінде коронавируспен күресте медицина саласындағы ақпарат пен тәжірибе алмасуда, шекараларда жүктердің үздіксіз қозғалысын орнатуда жетістіктерге қол жеткізілді. Бұл әлемдегі басқа елдермен салыстырғанда аймақтағы коронавирус ауруы мен кісі өлімін азайтуға мүмкіндік берді. Ағымдағы жылдың қаңтар айында Өзбекстан мен Қазақстан Үкіметтері АҚШ-пен бірлесіп, өңірдегі экономикалық байланыстарды кеңейтуге ықпал ететін жобаларды қолдау үшін бес жыл ішінде кемінде 1 млрд доллар тарту мақсатында «Орталық Азия инвестициялық серіктестігі» бастамасын іске қосты. «Орталық Азия-АҚШ» платформасы арқылы

іске асырылатын бұл бастама сауда көлемін ұлғайту, кешенді дамуды ынталандыру және сауданы тереңдету үшін қолда бар барлық мүмкіндіктерді пайдалануға бағытталған.

Шетелдік аторлардың ішінен Қазақстан-Өзбекстан қатынастары, Орталық Азия мәселелерін зерттеуде көзге түсетін авторлардың бірі Марта Олкотт, Александр Кули, Эдвард Лемон, Марша МакГроу Олив және Натан Хатсон болып табылады. Марта Олкотт Орталық Азияға қызығушылығын Өзбекстанды зерттеуден бастады, 25 жылдан бері Өзбекстан тарихын зерттеп келеді, Қазақстанды зерртеуге одан кейін бет бұрды. Ол 1985 жылы жазылған «қазақтар» кітабының авторы, сол кезде әлемдік қауымдастық тек КСРО туралы есітіп, алайда оның құрамына кіретін республикалар туралы, әсіресе оларда тұратын халықтардың тарихы туралы ештеңе білмеген. Олкотт 2002 жылы «Қазақстан: орындалмаған үміттер» атты кітап шығарды. Алайда, 2009 жылы ол оны толықтырды және тақырыпқа сұрақ белгісін қосты. 2005 жылы ол «Орталық Азияның екінші мүмкіндігі» атты жаңа еңбек шығарды, онда осы өңірдегі проблемалар мен жағдайлар туралы өзінің көзқарасын білдірді. Сонымен қатар, Марта Брилл Олкотт «Қазақстан: орындалмаған уәде» атты кітап шығарды, онда Қазақстанды елді демократияландыру мәселелеріндегі кері шегінгені үшін сынға алды.

2010 жылы Марта Олкотттың «Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалығы: сын-тегеуріндер мен мүмкіндіктер» атты халықаралық конференцияда сөйлеген сөзі пікірталас тудырды. Содан кейін журналистер Марта Олкоттты әзілдеп «тыныштықты бұзушы» (возмутительницей спокойствия) деп атады. Олкотт өз сөзінде Қазақстанға үш күрделі проблемадан аулақ болуға кеңес берді, олардың бірі Еуропадағы қауіпсіздік архитектурасының ресейлік моделін жүзеге асыруға қатысты. «Бұл өте күрделі мәселе, оны бір жылда шешу мүмкін емес. Мен Қазақстанға бұл мәселені ресейлік әріптестерімен талқылауға араласпауды және осы мәселені шешу үшін төрағалықты пайдаланбауды ұсынамын», - деді [9] Марта Олкотт. Оның дәл осы сөзі ресейлік дипломат - Ресейдің Қазақстандағы елшісі Михаил Бочарников тарапынан тиісті жауап қайтару реакциясын тудырды. Ол бұл сөздердің артында Еуропадағы Ресейдің қауіпсіздік архитектурасына қатысты Еуропа емес, АҚШ басшылығының ұстанымы көрінеді деп мәлімдеді. Бочарниковтың пікірінше, Қазақстанға мұндай ұстанымдар айту қандай да бір дәрежеде республика үшін кемсітушілік болып табылады.

Барнард колледжінің саясаттанушы профессоры, Колумбия университетінің Гарриман институтының директоры Александр Кули Great game local rules өзінің SABAR.asia аналитикалық порталына

берген сұхбатында Орталық Азия елдерінің сыртқы саясатының эволюциясы, бұл елдердің жақын болашақта бетпе-бет келетін проблемалары мен қиындықтары туралы айтты [10]:

1990 жылдары ОА елдері мемлекеттік қалыптасу, мемлекеттілік, жеке институттар құру, жұмыс істейтін үкімет, бюрократия проблемаларына бой алдырды, кеңестік мұраны жеңуге және сыртқы саясатта өз жолын табуға тырысты. 1990 жылдар өтпелі кезең тұрғысынан өте қиын болды, бірақ сыртқы саясат басымдыққа ие болмады.

2000 жылдары Орталық Азия сыртқы саясатының алтын дәуірі басталды, оны біз қазір көпвекторлы саясат деп атаймыз. Америка Құрама Штаттары Ауғанстандағы соғысқа қатысқаннан кейін, аймақтың геосаясатында күрт өзгерістер болды: АҚШ пен НАТО-ның әскери базалары бар аймақта болуы, Ауғанстандағы науқанға қатысу аймақтың келбетін өзгертті. Сондықтан, менің ойымша, Орталық Азия елдері қазір және жақын болашақта барынша жаһандануға бел буады. Бұл олардың батысқа айналады дегенді білдірмейді. Бірақ менің ойымша, Ресей мен Қытаймен қарым-қатынасты сақтай отырып, сыртқы саясатты мүмкіндігінше әртараптандыруға тырысу ниеті болады – деп [10] пікір білдірді.

Александр Кули Орталық Азиядағы «жаңа үлкен ойын» идеясымен өзін жетекші сарапшы ретінде көрсетеді, сондықтан оның «үлкен ойын, жергілікті ережелер» (GGLR) атты жаңа кітабы осы тақырыптың жиі айтылатын түсіндірмесіне айналды. GGLR жергілікті жерде терең талдау жасай отырып, Орталық Азияда тоғысатын бәсекелес және бірін-бірі толықтыратын мүдделер туралы кең перспективаны ұсынады. Александр Кули АҚШ, Ресей, Қытай сияқты «алып үштіктің» әрқайсысына бір тарауды арнайды, тарауда олардың мақсаттары мен стратегияларын, сондай-ақ кедергілерді сипаттайды. Әр тарауда оның кең пікірлерін дәлелдейтін нақты мысалдар мен тарихтың жақсы үзіндісі қамтылған. Мысал ретінде АҚШ туралы тарауды қолдана отырып, Кули базаның саясатына, Орталық Комитеттің командирлерінің автономиясына және жаңа Жібек жолының стратегиясына назар аударады. Бейжіңнің басымды аймақтық институты Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы (ШЫҰ) болып табылады. Кули ШЫҰ-ның Орталық Азиядағы Қытайдың беделін арттырады деп түсіндіреді. Шын мәнінде екіжақты келісімдер болып табылатын көптеген бастамалар ШЫҰ-ның жетістігі ретінде ұсынылады. Ұпайларды санап, Кули Қытайды Ұлы ойындардың қазіргі жеңімпазы деп жариялайды. Әрине, бұл үлкен ойындар қайталанады және АҚШ өз позицияларын өзгерткен сайын жаңа күш

тепе-теңдігі пайда болуы мүмкін. Бірақ осы уақытқа дейін Пекин өзінің барлық мақсаттары бойынша сәтті алға шықты. Александр Кули өз зерттеулерінде көрсеткендей, бүгінгі күні де осындай динамика бар: бес тәуелсіз посткеңестік мемлекет Ресеймен, Қытаймен немесе АҚШ-пен экономикалық немесе әскери қуаты жағынан бәсекеге түсе алмайды, бірақ соған қарамастан олар үлкен державаларды жергілікті ережелермен ойнауға мәжбүрлейді [11].

АҚШ зерртеушісі Эдвард Лемонның пікірінше өңірдегі соңғы бес жылдағы басты үрдістердің бірі аймақтық ынтымақтастық деңгейдің артуы, сауда көлемінің өсуі, әскери ынтымақтастықтың нығаюы және көшбасшылардың ортақ мәселелер бойынша ұстанымдарды келісу үшін кездесуі болды. 2016 жылы билікке келгеннен бері Орталық Азия мемлекеттері арасындағы байланысты нығайтуға мән берген Ш. Мирзиесев бұл ретте басты рөл атқарды. Алайда, Тәжікстан мен Қырғыз Республикасы арасындағы шешілмеген шиеленіс бұл жағдайға кері әсерін тигізуі мүмкін болғанымен, алдағы уақытта Орталықазиялық ынтымақтастықтың дамуының одан әрі жалғасуы күтілуде [12].

Джон Хопкинс Университетінің оқытушысы Натан Хатсон және Солтүстік Техас университетінің оқытушысы Марша МакГроу Оливтың пікірінше Орталық Азияда өңірлік интеграцияның жаңа серпіні қалыптасуда. Өзбекстан Қазақстанның аймақтағы ықпалды делдал ретіндегі ұстанымына бәсекелес болуда және Қытайдың экономикалық таңдауы көшбасшылық үшін бәсекелестіктің нәтижесін анықтайтын шешуші фактор болуы мүмкін. Бір қарағанда, Қазақстан экономикасы қазіргі уақытта Өзбекстанның ЖІӨ-нен үш есе көп екендігін ескерсек, бұл өзгеріс қисынсыз болып көрінеді. Қазақстан да халықаралық нарықтармен тығыз байланыста. Қазақстан мен Ресейдің берік дипломатиялық қарым-қатынасы Қазақстанның өңірлік интеграцияның басты қозғаушы күші болып қала беретініне кепілдік беруі тиіс. Алайда, шындық мынада, Орталық Азиядағы тұрақтылық пен өркендеуге жол көбінесе Ташкент арқылы өтеді. Интеграция өзгеруші динамикасының екінші аспектісі - экономикалық икемділік. Қазіргі экономикалық жағдайда Өзбекстан қытайлық өндірістік фирмалармен серіктестік үшін Қазақстанға қарағанда әлдеқайда жақсы жағдайда.

Өзбекстан да өз экономикасын әртараптандырып, экспорттың бәсекеге қабілеттілігін арттыруы керек, алайда жан басына шаққандағы номиналды ЖІӨ 2000 доллардан аз болса, Өзбекстан экономикасы қазіргі уақытта «Қытай моделі» - экспортқа бағытталған өндіріс есебінен өсу үшін қолайлы.

Осы уақытқа дейін Өзбекстан экспортының негізгі бағыты

шикізаттан басқа автомобиль өнеркәсібі болды. Бірақ бұл стратегия Ташкент үшін проблемалы болды. 2012 жылы автомобиль экспорты Өзбекстанның жалпы экспортының 14 пайызын құраса, 2018 жылға қарай GM және басқа компаниялармен бірлескен кәсіпорындардың құлдырауына, сондай-ақ Ресеймен сауда-саттықтың қолайсыз жағдайларына байланысты экспорттағы автомобильдердің үлесі 1 пайызға дейін төмендеді. Осылайша, Қытаймен серіктестіктің кеңеюі осы өліп жатқан секторды жандандыруы мүмкін [13].

Орталық Азияның әлемдік қоғамдастықтағы өсіп келе жатқан маңызы мен рөлін өңір мен ірі мемлекеттер арасындағы көпжақты ынтымақтастықтың түрлі форматтарын ұйымдастыруда көруге болады. Соңғы жылдары қолданыстағы «Орталық Азия – АҚШ», «Орталық Азия – Еуропалық Одақ», «Орталық Азия – Корея Республикасы», «Орталық Азия – Жапония» диалог форматтарына «Орталық Азия – Үндістан», «Орталық Азия – Қытай» және «Орталық Азия – Ресей» сияқты жаңа форматтар қосылды. Бұл үрдіс аймақтағы оң өзгерістерді көрсетеді, бұл бірыңғай өңірлік әріптес ретінде Орталық Азия елдерімен жан-жақты қатынастарды дамытуға мүдделі әлемнің жетекші мемлекеттерінің назарын арттырады. Сонымен бірге, өңір мен басқа да мемлекеттік органдар арасындағы өзара іс-қимылдың жаңа форматтарын орнату Орталық Азияның геосаяси және экономикалық маңызының артуына алып келеді.

Өзбекстан көпжақты ынтымақтастық тетіктері арқылы, оның ішінде Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ), Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД), Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы (ШЫҰ), Түркітілдес мемлекеттердің Ынтымақтастық Кеңесі (Түркі кеңесі), Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы (ЕҚЫҰ) және т. б. шеңберінде Орталық Азия елдерімен байланыстарды дамытуды жоспарлап отыр. Өзбекстан Орталық Азияның барлық елдерімен шекаралас аймақтағы жалғыз мемлекет. Өзбекстанның саяси, экономикалық және мәдени салаларындағы кез-келген өзгерістер көрші мемлекеттерге тікелей әсер етеді. Елдің бүгінгі сыртқы саясаты оның халықаралық беделін арттырып қана қоймай, жалпы Орталық Азияның орнықты және дәйекті дамуына ықпал етіп, өңірді зор мүмкіндіктермен ынтымақтастық кеңістігіне айналдырады.

Инвестициялық ынтымақтастық та Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы қатынастардың ажырамас бөлігіне айналуға. 2019 жылдың басынан бастап қазіргі уақытқа дейінгі кезеңде Қазақстан капиталының қатысуымен кәсіпорындар санының 2,1 есеге – 510-нан 1 056 кәсіпорынға дейін өсуі байқалды, атап айтқанда, ағымдағы жылдың басынан бастап қазақстандық капиталы бар 166 кәсіпорын құрылды. Ташкентте 2019 жылдан бастап Halyk Bank (Халық банкі)

еншілес компаниясы – Tenge Bank өз қызметін жүзеге асыруда. Сондай-ақ, екі ел президентінің кездесуінің іс жүзінде жүзеге асырылуы кәсіпорындардың көрші елдерде еншілес компаниялар немесе филиалдар салу жөніндегі бастамалары болды. «Астана-Моторс» компаниясы Джизак қаласында HYUNDAI автомобильдерін шығаратын зауыт салуға қызығушылық танытты.

Сондай-ақ, тұрмыстық техника өндіретін өзбекстандық Artel Electronics компаниясы қазақстандық Orbis Kazakhstan компаниясымен байланыс орнатады. Екі компанияның ынтымақтастығының негізін ас үй плиталары мен электр су жылытқыштарын шығару құрайды, оған 85 млн. доллар инвестициялар талап етіледі, зауыттың қуаттылығы жылына әрбір өнім түрі бойынша 500 мыңды құрайды.

Ынтымақтастық ақыл-ой орталықтары желісі бойынша да жүзеге асырылуда. Атап айтқанда, 2017 және 2018 жылдары Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты (ҚСЗИ) мен стратегиялық және өңіраралық зерттеулер институтының (ИСМИ) қатысуымен бірлескен конференциялар өтті. «Өзбекстан – Қазақстан: дипломатиялық қатынастардың орнағанына 25 жыл» және «Қазақстан мен Өзбекстанның жаңа геосаяси және геоэкономикалық жағдайлардағы әріптестігінің перспективалары» атты екі талдамалық материалдардың әзірленуі екі «ой орталықтарының» өзара іс-қимылының елеулі нәтижесі болды.

Әлемдік экономика және саясат институтының сарапшысы (ИМЭП) Жұмабек Сарабеков Өзбекстанның барынша әлемге ашық болып, қарқынды дамуын атап өтті. Шавкат Мирзиевтың билікке келуімен 2016 жылы өзбек басшылығы ауқымды реформаларға кірісті. Олар экономика мен мемлекеттік басқару жүйесіне әсер етеді. Соңғы бес жыл ішінде Ташкент өзінің валюталық жүйесінің күрделі реформасын жүзеге асыра алды, іс жүзінде доллардың қара нарығын жауып тастады.

Отандық сарапшы Санат Кушқумбаевтың пікірінше Өзбекстан Орталық Азиядағы біздің ең ірі сауда серіктесіміз. Ал бұл аймақтық ауқымдағы екінші экономика – ірі нарық, үлкен ел болып табылады. Шын мәнінде, мен Астана мен Ташкент Орталық Азия аймағы үшін негізгі соңғы бірнеше жылдан бері көрініп келе жатқан ось болып табылады [14]. Сарапшы 2019 жылдың 15 сәуірінде «Өзбекстандағы Қазақстан жылының» салтанатты ашылуы сияқты маңызды қадамды да атап өтті, және ол бұл үрдісті екі елдің жақындасуын көрсетеді. Ал біздің сыртқы экономикалық және қорғаныс ведомстволары арасында қол жеткізілген уағдаластықтардың тізбесі біз толық ауқымды ынтымақтастық туралы айтып отырғанымызды көрсетеді.

Жеке ұстанымдар туралы айтатын болсақ, 2019 жылдың 15 наурызында Ташкентте Орталық экономикалық форум өткенін және

оның аясында Қазақстан-Өзбекстан бизнес форумы өткенін, оған екі тараптан 200-ден астам компания қатысқанын атап өтуге болады. Сапар барысында Президент Т. Тоқаев осы жағдайды пайдаланып, енді Түркістан, Самарқанд, Бұхара сияқты біріктірілген туристік бағыттарды іске қосу керектігін атап өтті. Яғни, мәдени, туристік және іскерлік ынтымақтастықты одан әрі дамыту, және бұл өте үлкен тренд. Сондай-ақ бізде автокөлік құрастыру зауыты бар, соңғы бір жарым жылдан бері Қостанайдағы автоқұрастыру зауытында Өзбекстанның автокөлік өнеркәсібінің автоөнімдерін құрастыру қолға алынды. Бұл да өте маңызды аяқталған жоба. Сондай-ақ, Халықаралық сауда орталығы іске қосылды және нақты жұмыс істеп тұр», - деп жалғастырды Санат Күшкімбаев [14].

Сонымен қатар, Орталық Азиялық ынтымақтастық туралы айтқанда “Жібек жолы визасы” туралы айтып өтпеске болмайды. 2018 жылдың маусымында жарияланған қазақстандық бастама шенгеннің азиаттық нұсқасы “Жібек жолы визасы” туралы идеясы көпшілік тарапынан қолдау тауып, Қазақстан мен Өзбекстан арасында бұл жобаны іске асыру процесі басталып кеткен болатын. Сол кезде осы идеяға қатысты ресейлік зерттеуші, Мәскеу мемлекеттік университетінің экономика факультеті жүйелік трансформация орталығының директоры Михаил Кузнецов Орталық Азия тұрғындары үшін ашық болатын «Жібек жолы» визасының болашағы туралы пікір білдірді. Михаил Кузнецовтың айтуынша, «Жібек жолы» визасын енгізу бүкіл аймақтың тартымдылығына, туристік ағынның артуына оң әсер етеді және елдердің іскерлік байланыстарын жеңілдетеді [15]. Алайда 2022 жылы іске қосылады деген бұл жоба туралы соңғы жаңалық 2021 жылдың маусым айында берілген болатын. Сол кезде келіссөздердің аяқталу процесінде екендігі және жоба 2022 жылдан бастап іске қосылатындығы туралы жарияланған болатын. Алайда, қазіргі уақытта бұл жоба туралы жаңа дерек жоқ.

Орталық Азия елдерінің аймақтық ынтымақтастыққа дайындық деңгейі туралы Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің Қоры жанындағы Әлемдік экономика және саясат институтының бас сарапшысы Жұмабек Сарабеков баяндайды. Оның айтуынша, Орталық Азия мемлекеттерінің аймақтық ынтымақтастыққа дайындық деңгейі елдерге байланысты әр түрлі болады. Аймақтағы жағдайдың жақсаруына қарамастан, Орталық Азия елдері қазіргі проблемаларды көпжақты форматта шешуді тездетуге дайын емес. Сондықтан, аймақтық ынтымақтастық үшін негіз «жоғарыдан» емес, «төменнен» басталуы тиіс. Атап айтқанда, ОА мемлекеттері кәсіпкерлерінің арасындағы трансшекаралық өзара іс-қимыл кооперацияның маңызды драйвері бола алады. Сонымен қатар, Сарабеков аймақ елдері

арасындағы гуманитарлық байланыстардың қолда бар әлеуетін іске асырудың маңызды екеніне сенімді екендігін айтады.

Қазақстандық сарапшы Азамат Илимқожа «қазақ-өзбек қарым-қатынастарының мәртебесі көп жағынан біздің елдеріміздің және бүкіл аймақтың табысты дамуының алғышарты, демек, Орталық Азияның негізгі мәселелерін шешудің кепілі болып табылады деп сеніммен айтуға болады» - дейді. Тиісінше, жоғары деңгейде тұрақты үкіметаралық диалог пен қазақ-өзбек байланыстарының нығаюы екі елдің ғана емес, басқа да Орталық Азия мемлекеттерінің стратегиялық мақсаттары мен ұлттық мүдделеріне сәйкес келеді. Екіжақты ынтымақтастықтың барған сайын маңызды бағыты сауда-экономикалық ынтымақтастық болып табылады, оның аясында 50-ден астам мемлекетаралық, үкіметаралық және ведомствоаралық құжаттарды қамтитын кешенді шарттық-құқықтық база қалыптасты. Осының барлығы Қазақстан-Өзбекстан қарым-қатынастарын дамытуда орын алған барлық қиындықтар мен проблемаларды елдеріміздің басшылары сәтті шешіп жатқанын көрсетеді. Бұл Орталық Азияның дамуы мен аймақ елдерінің өзара әрекеттесуіндегі басқа да көптеген мәселелерді шешуге ықпал етеді.

Қорытынды

Қорытындылай келе, Өзбекстанның сыртқы саясатындағы өзгерістер Орталық Азиядағы ынтымақтастықтың дамуына және қазақ-өзбек қарым-қатынастарының нығаюына оң әсер етуде. Соңғы жылдары аймақтың болашағы және Орталық Азиядағы ынтымақтастықтың даму мәселесі бұрынғыдан да өзекті болып отыр. Әр түрлі деңгейдегі тұрақты диалог ынтымақтастықтың көпжақты форматына біртіндеп көшуге ықпал етуде және аймақтық қатынастарды институционализациялауға негіз болуда. Алайда, Орталық Азия елдерінің мемлекетаралық ынтымақтастық жолында кездесетін бірқатар даулы мәселелер де бар. Зерттеушілер осындай мәселелердің болуына қарамастан Орталық Азияның аймақтық ынтымақтастықтығының дамуына оң баға беруде, бірақ мұндай жетістікке көпжақты келісім форматынсыз қол жеткізу мүмкін емес екендігін ескереді.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Мирзиёев Ш. Центральная Азия — единый организм. <https://www.gazeta.uz/ru/2017/03/22/region/>
- [2] Толипов Ф. Центральная Азия 2022: прогнозы, тренды и риски. <https://cabar.asia/ru/tsentralnaya-aziya-2022-prognozy-trendy-i-riski>
- [3] Суюнбаев М. Геополитические особенности Центральной Азии. - Бишкек: КРСУ, 2018. - С.220.

[4] Муллоджанов П. Нельзя считать региональную интеграцию априори положительным явлением // <http://ceasia.org/forum/834-parvizmulojanovtadjikistan.html>

[5] Нуриддинов У. Двустороннее сотрудничество Узбекистана и Казахстана: сохранится ли динамика? // <https://cabar.asia/ru/dvustoronnee-sotrudnichestvo-uzbekistana-i-kazahstana-sohranitsya-li-dinamika>

[6] Қўрметұлы А. Қазақ-өзбек қарым-қатынасының өсуі аймақтық байланыстардың нығаюына әсер ете ала ма? // <https://qazaqstan.tv/news/113535/>

[7] Тюлегенов М. Братские связи? Отношения Казахстана и Кыргызстана в оценках экспертов. 29.06.2021. <https://www.caa-network.org/archives/21962>

[8] Думанова К. Зачем Казахстану союз с Узбекистаном. <https://orda.kz/zachem-kazahstanu-sojuz-s-uzbekistanom/>

[9] Кобырова К. Мир признал роль Казахстана, считает американский эксперт. https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30833971&pos=70;-28#pos=70;-28

[10] Что ждет страны Центральной Азии в ближайшие десятилетия? Интервью с Александром Кули. <https://cabar.asia/ru/chto-zhdet-strany-tsentralnoj-azii-v-blizhajshie-desyatiletija-intervyu-s-aleksandrom-kuli>

[11] Cooley A. Great Games, Local Rules. Users/User/Downloads/Great_Games_Local_Rules.pdf

[12] Мураталиева Н. Центральная Азия 2022: прогнозы, тренды и риски. <https://cabar.asia/ru/tsentralnaya-aziya-2022-prognozy-trendy-i-riski>

[13] Hutson N, McGraw O.M. Perspectives Uzbekistan rising as Central Asian integration catalyst. <https://eurasianet.org/perspectives-uzbekistan-rising-as-central-asian-integration-catalyst>

[14] Кушкумбаев С. Связь Казахстана с Узбекистаном – это своеобразная ось для региона Центральной Азии. <https://www.zakon.kz/4966228-politolog-svyaz-kazahstana-s.html>

[15] Кузнецов М. «Шелковая» виза увеличит поток туристов в Центральную Азию // <https://ru.sputnik.kz/20180810/central-asia-viza-6777232.html>

REFERENCES

[1] Mirziyoev Sh. Central'naya Aziya — edinyj organizm. [Central Asia is a single organism]. <https://www.gazeta.uz/ru/2017/03/22/region/> [in Russ.].

[2] Tolipov F. Central'naya Aziya 2022: prognozy, trendy i riski. [Central Asia 2022: forecasts, trends and risks.]. <https://cabar.asia/ru/tsentralnaya-aziya-2022-prognozy-trendy-i-riski>. [in Russ.].

[3] Suyunbaev M. Geopoliticheskie osobennosti Central'noj Azii. [The geopolitical features of Central Asia.]. - Bishkek: KRSU, 2018. - S.220. [in Russ.].

[4] Mullodzhanov P. Nel'z'ya schitat' regional'nyu integraciyu apriori polozhitel'nyy yavleniem. [Regional integration cannot be considered a priori a positive phenomenon]. <http://ceasia.org/forum/834-parvizmulojanovtajikistan.html>. [in Russ.].

[5] Nuriddinov U. Dvustoronnee sotrudnichestvo Uzbekistana i Kazaxstana: soxranitsya li dinamika? [Bilateral cooperation between Uzbekistan and Kazakhstan: will the dynamics continue?]. <https://cabar.asia/ru/dvustoronnee-sotrudnichestvo-uzbekistana-i-kazahstana-sohranitsya-li-dinamika> [in Russ.].

[6] Qūrmetūly A. Qazaq-ōzbek qarym-qatynasynyñ ösui aimaqtyq bailanystardyñ nyğaiuyuna äser ete ala ma? [Can the growth of Kazakh-Uzbek relations affect the strengthening of regional ties?]. <https://qazaqstan.tv/news/113535/>. [in Kaz.].

[7] Tyulegenov M. Bratskie svyazi? Otnosheniya Kazaxstana i Kyrgyzstana v ocenax e'kspertov. [Fraternal ties? Relations between Kazakhstan and Kyrgyzstan in expert assessments.]. 29.06.2021. <https://www.caa-network.org/archives/21962>. [in Russ.].

[8] Dumanova K. Zachem Kazaxstanu soyuz s Uzbekistanom. [Why does Kazakhstan need an alliance with Uzbekistan.]. <https://orda.kz/zachem-kazahstanu-sojuz-s-uzbekistanom/>. [in Russ.].

[9] Konyrova K. Mir priznal rol' Kazaxstana, schitaet amerikanskij e'kspert. [The world has recognized the role of Kazakhstan, the American expert believes.]. https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30833971&pos=70;-28#pos=70;-28. [in Russ.].

[10] Chto zhdet strany Central'noj Azii v blizhajshie desyatiletiya? Interv'yu s Aleksandrom Kuli. [What awaits the Central Asian countries in the coming decades? Interview with Alexander Kuli.]. <https://cabar.asia/ru/chto-zhdet-strany-tsentralnoj-azii-v-blizhajshie-desyatiletiya-intervyu-s-aleksandrom-kuli>. [in Russ.].

[11] Cooley A. Great Games, Local Rules. Users/User/Downloads/Great_Games_Local_Rules.pdf

[12] Muratalieva N. Central'naya Aziya 2022: prognozy, trendy i riski. [Central Asia 2022: forecasts, trends and risks.]. <https://cabar.asia/ru/tsentralnaya-aziya-2022-prognozy-trendy-i-riski>. [in Russ.].

[13] Hutson N, McGraw O.M. Perspectives Uzbekistan rising as

Central Asian integration catalyst. <https://eurasianet.org/perspectives-uzbekistan-rising-as-central-asian-integration-catalyst>

[14] Kushkumbaev C. Svyaz' Kazakhstana s Uzbekistanom – e'to svoeobraznaya os' dlya regiona Central'noj Azii. [Kazakhstan's connection with Uzbekistan is a kind of axis for the Central Asian region.]. <https://www.zakon.kz/4966228-politolog-svyaz-kazahstana-s.html>. [in Russ.].

[15] Kuznecov M. "Shelkovaya" viza uvelichit potok turistov v Central'nyu Aziyu ["Silk" visa will increase the flow of tourists to Central Asia.]. <https://ru.sputnik.kz/20180810/central-asia-viza-6777232.html>. [in Russ.].

ВЛИЯНИЕ КАЗАХСТАНСКО-УЗБЕКСКИХ ОТНОШЕНИЙ НА ЦЕНТРАЛЬНО-АЗИАТСКОЕ СОТРУДНИЧЕСТВО: ЭКСПЕРТНАЯ ОЦЕНКА

Жекенов Д.К.¹, Байкушикова Г.С.², *Апсаттарова Г.А.³

¹доктор PhD, доцент, КазНУ имени аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан,
e-mail: duman.zhekenov@gmail.com

²доктор PhD, доцент, КазНУ имени аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан,
e-mail: baikushikova.gulnara@kaznu.kz

*³ магистр, преподаватель, КазНУ имени аль-Фараби, г. Алматы,
Казахстан, e-mail: apsattarovagulzada@gmail.com

Аннотация. В статье обсуждено развитие отношений между Казахстаном и Узбекистаном, влияние внешнеполитических изменений Узбекистана на Центрально-Азиатское сотрудничество, дана оценка перспективам развития регионального сотрудничества Центральной Азии. Обсуждены внешнеполитические инициативы президента Узбекистана Ш. Мирзиеева, проанализированы перспективы развития казахстанско-узбекских отношений. Также были проанализированы и сопоставлены мнения отечественных, зарубежных и центральноазиатских исследователей относительно центральноазиатского сотрудничества и внешнеполитических изменений Узбекистана. Обсуждались новые подходы к взаимодействию между Казахстаном и Узбекистаном, рассказывалось о влиянии новых внешнеполитических инициатив Президента Узбекистана Шавката Мирзиеева на Центрально-Азиатское сотрудничество. Автор в статье описал уровень развития Центральноазиатского сотрудничества в данный период, проанализировав изменения во внешней политике Президента Узбекистана Ш. Мирзиеева с момента его прихода к власти и сравнил политику Первого Президента Узбекистана Ислама Каримова и нынешнего президента Шавката Мирзиеева. Автор считает, что основные региональные инициативы в Центральной Азии

исходят из Казахстана и Узбекистана, поэтому казахстанско-узбекские отношения являются важными для развития региона. В статье Автор экспертно оценил изменения, произошедшие во внешней политике Президента Узбекистана Ш. Мирзиёева с момента его прихода к власти, сравнил политику Первого Президента Узбекистана Ислама Каримова и нынешнего президента Шавката Мирзиёева, охарактеризовав уровень развития центральноазиатского сотрудничества в этот период. Можно сказать, что статья имеет практическое значение для исследователей эволюции казахско-узбекских отношений в будущем. Сравнение политики Каримова и Мирзиёева выявило эволюцию развития и изменения внешней политики Узбекистана. В исследовании использовался метод сравнительного анализа и экспертного интервью. Автор считает, что основные региональные инициативы в Центральной Азии исходят от Казахстана и Узбекистана, поэтому казахско-узбекские отношения являются важными для развития региона. Исследование может служить примером в изучении не только казахско-узбекских отношений, но и региональных отношений в будущем и роли региональных лидеров. Значимость результатов исследования и применяемых методов заключается в возможности использования результатов исследования для решения практических задач.

Ключевые слова: двусторонние отношения, регион, интеграция, переговоры, развитие, Центральная Азия, стратегия, внешняя политика

THE IMPACT OF KAZAKH-UZBEK RELATIONS ON CENTRAL ASIAN COOPERATION: EXPERT ASSESSMENT

Zhekenov D.K.¹, Baikushikova G.S.², *Apsattarova G.A.³

¹PhD, associate professor, Al-Farabi Kazakh National University,
Almaty, Kazakhstan, e-mail: duman.zhekenov@gmail.com

²PhD, associate professor, Al-Farabi Kazakh National University,
Almaty, Kazakhstan, e-mail: baikushikova.gulnara@kaznu.kz

^{*3}Master's degree, lecturer, Al-Farabi Kazakh National University,
Almaty, Kazakhstan, e-mail: apsattarovagulzada@gmail.com

Abstract. The article discusses the development of relations between Kazakhstan and Uzbekistan, the impact of Uzbekistan's foreign policy changes on Central Asian cooperation, and assesses the prospects for the development of regional cooperation in Central Asia. The foreign policy initiatives of the President of Uzbekistan Sh. Mirziyoyev were discussed, the prospects for the development of Kazakh-Uzbek relations were analyzed. The opinions of domestic, foreign and Central Asian researchers on Central Asian cooperation and Uzbekistan's foreign policy changes

were also analyzed and compared. New approaches to cooperation between Kazakhstan and Uzbekistan were discussed, and the impact of new foreign policy initiatives of Uzbek President Shavkat Mirziyoyev on Central Asian cooperation was discussed. The author in the article described the level of development of Central Asian cooperation in this period, analyzing the changes in the foreign policy of the President of Uzbekistan Sh. Mirziyoyev since his coming to power and comparing the policies of the First President of Uzbekistan Islam Karimov and current President Shavkat Mirziyoyev. The author believes that the main regional initiatives in Central Asia originate from Kazakhstan and Uzbekistan, therefore Kazakh-Uzbek relations are important for the development of the region. In the article, the author expertly assessed the changes that have occurred in the foreign policy of the President of Uzbekistan Sh. Since coming to power, Mirziyoyev compared the policies of the First President of Uzbekistan, Islam Karimov, and current President Shavkat Mirziyoyev, describing the level of development of Central Asian cooperation during this period. It can be said that the article is of practical importance for researchers of the evolution of Kazakh-Uzbek relations in the future. A comparison of Karimov's and Mirziyoyev's policies revealed the evolution of development and changes in Uzbekistan's foreign policy. The study used the method of comparative analysis and expert interviews. The author believes that the main regional initiatives in Central Asia come from Kazakhstan and Uzbekistan, therefore Kazakh-Uzbek relations are important for the development of the region. The study can serve as an example in studying not only Kazakh-Uzbek relations, but also regional relations in the future and the role of regional leaders. The significance of the research results and the applied methods lies in the possibility of using the research results to solve practical problems.

Key words: bilateral relations, region, integration, negotiations, development, Central Asia, strategy, foreign policy

Статья поступила 30.01.2024

Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ
ХАБАРШЫСЫ
«ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР және АЙМАҚТАНУ» сериясы
ИЗВЕСТИЯ
КазУМОиМЯ имени Абылай хана
серия «МЕЖДУНАРОДНЫЕ ОТНОШЕНИЯ и РЕГИОНОВЕДЕНИЕ»
BULLETIN
of Ablai Khan KazUIRandWL
series «INTERNATIONAL RELATIONS and REGIONAL STUDIES»
1 (55) 2024
ISSN 2411-8753 (Print)
ISSN 2710-3633 (Online)
moregion.bulletin@ablaikhan.kz

Отпечатано в издательстве “Полилингва”
«Издательство не несет ответственности за содержание авторских материалов
и не предоставляет гарантий в связи с публикацией фактов,
данных результатов и другой информации»

Директор издательства:
Есенғалиева Б.А.

Компьютерная верстка:
Ахметова Р.С.

Подписано в печать 28.03.2024 г.
Формат 70x90 1/8. Объем 20.75 п.л. Заказ № 3396. Тираж 300 экз.
Отпечатано в издательстве «Полилингва»
КазУМОиМЯ имени Абылай хана



Издательство «Полилингва» КазУМОиМЯ имени Абылай хана
050022, г. Алматы, ул. Муратбаева, 200
Тел.: +7 (727) 292-03-84, 292-03-85, вн. 21-19
E-mail: kazumo@ablaikhan.kz, ablaikhan@list.ru